



**ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
БІРЛІГІ МЕН
ЕРКІНДІГІН
АЙҚЫНДАЙТЫН
ҚҰЖАТ**



**ЖАС
ҒАЛЫМДАРДЫҢ
ЖЕҢІСІ:
ЖАҢАДАН
АШЫЛҒАН
МЕКТЕПТІҢ ЗОР
ЖЕТІСТІГІ**



ҚЫЛҚАЛАМ ҒҰМЫР

→ 4

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте өрт қауіпсіздігі мәселелері қаралды. Бұл туралы өңірлік төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Ералы Ақылбеков баяндама жасады.

Спикердің мәліметінше, жыл басынан бері облыс аумағында 807 өрт оқиғасы тіркелді. Қоғамдық резонанс тудыратын ірі өрт жағдайлары орын алған жоқ. Келтірілген материалдық шығын 97 миллион теңгені құрады.

2025 жылдың 15 қазанында басталған жылыту маусымы келер жылдың 15 сәуіріне дейін жалғасады. Осыған байланысты тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігі айлығы жарияланып, оның аясында өрт пен улы газдан улану оқиғаларының алдын алу және оған жол бермеу мақсатында кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін 12500 тұрғын үй араланды.

Жылыту маусымы кезінде адамдардың өрт салдарынан қаза болу қаупін азайту мақсатында 28000 азаматқа нұсқаулық берілді. Пештерді және электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарын түсіндіру бағытында 300-ге жуық жиын өткізіліп, оған 3500 адам қатысты. Білім беру мекемелерінде 13595 оқушы мен тыңдаушыны қамтыған 97 ашық сабақ ұйымдастырылды.

Ералы Ақылбековтің айтуынша, жылыту маусымында қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы және мүгедектері бар отбасылардың 2878 тұрғын үйі нақтыланып, толықтай араланды. Әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың үйлеріне барлығы 1696 есептеу құралы орнатылды. Оның ішінде: улы газды анықтайтын – 970, табиғи газды анықтайтын 726 құрылғы бар.

Ербол Қарашөкеев тұрғын үй секторында өрттің алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыруды тапсырды. Әсіресе әлеуметтік осал топтағы азаматтар тұратын үйлерде профилактикалық рейдтерді көбейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ электр және жылыту жүйелерінің қауіпсіздігін тексеруді, ақауы бар пештер мен электр сымдарын дер кезінде анықтап, оларды жөндеу немесе ауыстыруға көмек көрсетудің тетіктерін қарастыруды міндеттеді. Бұдан бөлек, ерікті өрт сөндіру жасақтарының материалдық-техникалық базасын нығайтып, олардың дайындық деңгейін көтеруді міндеттеді.

Аппараттық кеңесте 2025 жылға арналған облыстық бюджеттің қосымша резервтерін қалыптастыру жол картасының іске асырылу барысы да жан-жақты сараланды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Сәрсенбі күні аудан әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен өткен жиынға аудан әкімдігінің бірқатар бөлім, мекеме-ұйым басшылары, ауылдық округ әкімдері, кеңес мүшелері қатысты.

Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ



Жиынның күн тәртібіндегі негізгі мәселе – Жамбыл ауданында мемлекеттік жастар саясатының екінші жартыжылдықта орындалуы туралы аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығының» директоры Жандар Тоқсаба баяндады.

Жандар Жамбылұлының айтуынша, орталыққа 39 штаттық

бірлік берілген. Яғни, 1 директор, 1 директордың орынбасары, 6 бөлім басшысы, 1 заңгер, 1 теолог, 1 психолог, 18 жастармен жұмыс жөніндегі маман және 10 кіші қызметкер еңбек етуде.

Биыл ауданда жастар саясатын жүзеге асыруға 186 млн 246 мың теңге бөлінген. Оның 4 млн теңгесі жастар арасында өтетін іс-шараларға, 8,5 млн теңгесі «Жасыл ел» бағдарламасына, 136 млн 303,0 теңгесі айлық жалақыға, 2 млн 615,0 теңгесі коммуналдық

қызметтерге, 1,7 млн теңгесі байланыс қызметтеріне, 7,8 млн теңгесі қызметтік көлік сатып алуға, 5,8 млн теңгесі өзге де қызметтер мен жұмыстарға жұмсалуда.

Ауданда 14-35 жас аралығындағы жастардың саны 17493 адам. Бұл аудан тұрғындарының 33,7 пайызын құрайды.

Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына бүгінде 1378 жас тартылды. Атап айтсақ, 762 жас тұрақты жұмысқа орналасса, 19 жас әлеуметтік жұмыс орнына, 183 жас ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Ал 166 жас Жастар практикасына, 45 жас алғашқы жұмыс орнына жолдама алды. 5 жас жұмыс орындарында жұмыссыздарды оқытуға, 28 жас

қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жіберілді. 27 жас мемлекеттік грант алса, 2 жас ұрпақтар келісімшарты жобасымен, 65 жас электронды еңбек биржасымен, 76 жас бастау бизнес жобасымен оқыды. 419 жас жұмыссыз ретінде тіркеуде тұр.

«Жасыл ел» бағдарламасына аудандық бюджеттен 8,5 млн теңге бөлініп, сәуір айында 35 жас, мамыр айында 35 жас, маусым айында 30 жас жұмыс атқарды. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 11 маман көтерме жәрдемақы алған. Оның ішінде 10-ы – денсаулық сақтау, білім, спорт және мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген жастар.

→ 2

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

АҚБАСТАУЛЫҚ ТҰРҒЫНДАР ЖЫЛЫЖАЙ ӨСІРУГЕ ЕРЕКШЕ ДЕН ҚОЙҒАН

Соңғы жылдары аудан тұрғындары аулаларында жылыжай салып, көкөністің түр-түрін өсіруде. Әсіресе Ақбастау ауылдық округінің тұрғындары жылыжай өсіруге ерекше ден қойған. Бүгінде ауылдың 5 азаматы жылыжай өсіруге ниет білдіріп отыр. Оның ішінде Нейля Дағилова 8 миллион 600 мың теңгеге, Ардақ Байгелді 5 миллион 900 мың теңгеге жылыжай кешенін салып жатыр. Бұйырса олар 2026 жылдың көктемінен бастап жылыжай кешендерін пайдалана бастайды.

Сондай-ақ Гауһар Қошанова 8 миллион 800 мың теңгеге, Дәмір Әтішбек 6 миллион 600 мың теңгеге, Данияр Әтішбеков 3 миллион 200 мың теңгеге жылыжай кешенінің құрылысын жүргізіп, еңбекке кірісті. Қазіргі таңда осы үш жылыжай кешенінде де қияр өнімі өсіріліп, сатылымға шығып жатыр. Қалай дегенде де ауыл тұрғындары егіншіліктің жаңашыл жағдайына да бейімделіп, істің көзін табуға дағдыланып келеді.

Бұл туралы жылыжай өсірушілер де ойларымен бөлісті.

– Қай жұмыстың болса да, өз қиындығы бар. Жылыжай кешенін салу, жылыжайда өнім өсіру – жаңашыл іс. Ауыл тұрғындары мұндай шаруамен тек соңғы жылдары айналыса бастады десек, артық айтпаспын. Біз де осы кәсіпке тәуекел еттік. Әуелі оңай болған жоқ. Жылыжай кешеніне қажетті қаражатты алу үшін де, өзіңнің жобанды дәлелдеп шығу үшін де талай уақыт кетті.



Талай ізденіс жасалып, талай есікті тоздырдық. Бірақ міне, нәтижесі болды.

Қаражатты да алдық, жылыжайда да өнім өсіріп жатырмыз. 8 миллион 800 мың теңгеге жоба жасап, оны қорғап шықтым. Жаңашыл жұмыстың әр сәті өзгешелікке толы болады. Соған қарамастан, жұмыс үдесінен шығып, табандылық таныттық. Қияр өсіріп, оны өткеретін жерді де белгілеп отырмыз. Сапалы өнім өсіріп, оны өткеруге де қол жеткіздік.

Мұның бәрі жұмыстың оң нәтижесі деп есептеймін. Менің ауылдас әріптестерім де жылыжай өсіруде жақсы нәтижеге жетіп отыр. Біздің бұл ісімізге аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінен де, ауылдық округ әкімшілігінен де қолдау болып тұр. Алдағы уақытта жылыжайда басқа да өнім түрлерін өсіруге күш сала бермекпіз, – дейді кәсіпкер Нейля Айтжанқызы.

«Шұғыла»-ақпарат.



Дәуреннің жасыл бағы

Максат ЖҰМАБАЕВ



Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» жарияланып, ауылдағы қарапайым еңбек адамдарының қадір-қасиеті бұрынғыдан да айқын көріне түсті. Алыстағы шағын ауылдарда күн сайын маңдайтерімен нәпақасын тауып жүрген жандарды мемлекеттің тірегі, жердің иесі, еңбектің шынайы иелері деп айтуға болады.

Қара жерді қопарып, маусым айларында аптап ыстыққа қарамай, көктемде құбылған ауа райына мойымай, қыстың аязына қаймықпай, өмірін адал еңбекке арнаған жұмысшы мамандық иелері – қоғам үшін өлшеусіз маңызды тұлғалар. Әсіресе ауыл тіршілігінің ауыр жүгін көтеріп жүрген еңбек адамдары – нағыз батырлар.

→ 2



Сансызбай БЕРТАЙҰЛЫ,
ардагер журналист

*Бағыты айқын
басылым*

**ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҮҒЫЛА-
РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА»
АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026
ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР**

KAZPOST

1 жылға – 7527,00 теңге

6 айға – 3763,50 теңге

**РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

1 жылға – 5000 теңге

6 айға – 2500 теңге

Жазылым индексі 68991

**ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:
2-17-98, 8 747 659 42 68**

Соңы. Басы 1-бетте

NEET санатындағы жастарға қолдау керек

Бүгінде NEET санатындағы жастармен де тұрақты жұмыстар атқарылууда. Осы жылдың 4 қазанындағы жағдай бойынша Д, Е санаттары бойынша 572 жасты құраған. Бұл 2025 жылғы 21 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда 583 жасқа азайған. Жыл басынан бері ауданда 112 жас шаңырақ көтеріп, 15 жас ажырасқан. «Бастау» жобасымен 28 ұйғарым келіп түскен. 5 отбасы қайта татуласып, 2 ұйғарым – жұмысшы топтың қарауында.

Бір өкініштісі, қазіргі таңда нашакорлық, маскүнемдік бойынша бірқатар жас есепке алынған. Осындай келеңсіздікке жол бермеу мақсатында «Жастар ресурстық орталығының» қызметкерлері ауылдық округтерде «Нашакорлықтың алдын алу», «Есірткісіз болашақ», «Нашакорлық –ұмытылмас әдет» тақырыптарында 18 іс-шара өткізген.

Бүгінде аудандық пробация қызметі есебінде 135 адам тұр. Оның 56-сы – 14 пен 35 жас аралығындағы жастар. 2025 жылдың 10 айында

ауданда 66 қылмыс тіркелсе, 8-і жастардың қатысуымен орын алған. Осы жылдың 11 айында 11 бағытта 1164 іс-шара өткізіліп, оған 19871 жас қамтылса, волонтерлік бағытта 684 іс-шара өткізіліп, 10721 волонтер атсалысты, – деген орталық директоры жыл басынан бері өткізілген іс-шараларға, жастардың жеткен жетістігіне кенінен тоқталды. Сонымен қатар, Жұмысшы мамандықтар жылы мен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында атқарылған жұмыстар жайында да сөз қозғады.

Бүгінде «Жастар ресурстық орталығы» ғимараты заман талабына сай жабдықталған. Биыл орталықта қыз-келіншектерге арналған фитнес залы, «Отбасы банк» кеңес беру орталығы ашылды.

Ал орталық мамандарының қолдауымен жүзеге асып жатқан жобаларға өзге өңірдің жастары да қызығушылық білдіруде.

Кеңесте Жандар Жамбылұлы «Кітап ал – кітап сыйла», «АуылBAУ», «Мерген – дәстүрлі садақ ату», «Қараоқы кеші», «Кофе тайм»,

«Үстел теннисі», «Кино тайм», «Сөз мергені айдары» жобалары жайында жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар «Jastarga kenес» айдарының, «Отбасы банк» кеңес беру орталығының, «Сыр сұхбат» айдарының, «Ақындар мектебінің», «ГЕKKON» спорттық туристік клубының, «Психологиялық көмек көрсету орталығының», жас отбасыларға арналған неке куәлігін табыстау орнының атқаратын жұмысына да тоқталды.

Жиында аудандық Мансап орталығы директорының міндетін уақытша атқарушы Асқар Жанқоразов, Бесағаш ауылдық округінің әкімі Алға Абдумуталиев, Қарасу ауылдық округінің әкімі Айдын Масатов қосымша баяндама жасады.

Комиссия отырысын қорытындылаған Ерлан Қыдыралыұлы жастардың атқарып жатқан жұмысын жоғары бағалап, NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау керектігін ескертті. Бұл бағыттағы жұмыстарға ауылдық округ әкімдері де қолдау көрсету керектігін жеткізді.

Соңы. Басы 1-бетте

Дәуреннің жасыл бағы

Олардың қолымен өсірілген әрбір өнім, салған әрбір қора-жай, күткен әрбір егін – туған жердің дамуына қосылған зор үлес. Себебі ауыл – ұлттық болмыстың бесігі, ал ауылдағы еңбек адамы – сол болмысты алып тұрған алтын қазығы. Осындай еңбекке адалдығы мен табандылығымен ерекшеленетін мыңдаған қазақстандық жұмысшылардың бірі – Бірлесу-Еңбек ауылында тұратын Дәурен Әбдірәсілов. Оның әр күнін еңбекке арнағаны, әр істі жауапкершілікпен атқаратыны – биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылының» мәнін терең сездіретін жарқын мысалдардың бірі.

Дәурен Әбдірәсіловтің отбасы маңдайтерімен үйдің берекесін келтіріп отыр. Табанды еңбек пен адал ниетті ту еткен бұл жанұя ауылдастың бәрине үлгі. «Еңбек етсең – емерсің» деген сөзді осы шаңырақтың тіршілігінен айқын көруге болады.

Дәурен үшін жылыжай – жай ғана кәсіп емес, бала-шағаның ертеңіне салынған зор жауапкершілік. Аядай аулада көктемде салынған 200 шаршы метрлік жылыжай бүгінде отбасының күнделікті тірлігінің ортасы. Таң атысымен жылыжай ішіндегі жылуды тексеруден басталатын жұмыс күні кеш батқанша аяқталмайды.

– Қияр өсіру оңай емес. Бұл сырт көзге қарапайым жұмыс болып көрінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде әрбір ұсақ-түйекке дейін ерекше мән беруді талап ететін жұмыс. Әрбір су тамшысы, жылу температурасы – ертеңгі өнімнің сапасына тікелей әсер етеді. Жылыжайда бәрін автоматтандырып қойғанның өзінде, табиғаттың, ауа райының өз мінезі бар. Сол себепті күндіз де, түнде де бәрін бақылаудан шығара алмайсың. Кейде түн ортасында ұйқыдан тұрып, жылыжайға қайта кіріп, температураны тексеріп, желдеткіш дұрыс істеп тұр ма, су жүйесінде ақау жоқ па – соның барлығын қайта қарап шығатын кездер болады. Өйткені бір сәттік немқұрайдылық бүкіл еңбекті жокқа шығаруы мүмкін.

Қияр өсіру барысында біз тек топырақ пен көшетке ғана емес, шыдам мен жауапкершілікке де тәуелдіміз. Әр өсімдік өзінің күтімін, өз мейірімін талап етеді. Сол себепті мұнда жеңіл-желпі қарауға болмайды. Нарыққа шығарған әр қиярдың артында



қанша тер, қанша еңбек тұрғанын көпшілік біле бермейді. Бірақ біз үшін маңыздысы – адамдардың таза, табиғи өнім тұтынуы. Қиындық көп, бірақ еңбектің өтеуі бар. Сондықтан бұл істі шын ниетпен, жүрекпен атқармасаң, нәтиже шықпайды, – дейді еңбек адамы.

Тамшылатып суару әдісімен өсіріліп жатқан өнім – отбасының маңдай терінің жемісі. Табиғи жылудымен сақталатын жылыжайда ең тиімді температура – 20-25 градус. Күн жылы болса – табиғаттың өзі көмекші, ал түнде от жағу да – міндет. Бұл үйдің басты күші – бірлік. Әр адамның өз міндеті бар: бірі көшет баптауды, бірі түптейді, бірі суару жүйесін қадағалайды. Балалар да шама-шарқынша көмектесіп, еңбектің не екенін ерте сезінуде.

– Еңбектің дәмі тәтті ғой. Басында қорқыныш болды, «шығынымды жауып, отбасымды асырай аламын ба?» деген ой маза бермеді. Кейде «қолымнан келе ме, жоқ па?» деген күмән де болды. Бірақ еңбекке бел буған адамға жол ашылады екен. Әр күн сайын жасаған ісім нәтиже бере бастағанда, бойымдағы сенім нығайып, артқа емес, алға қарауды үйрендім. Еңбек адамды шындайды, табандылық беріп, ерік-жігерді күшейтеді. Бүгінде әр аяқталған жұмыс, әр адал табыс маған күш береді. Еңбектің қадірін сезінген сайын өмірімнің де мәні тереңдей түсті, – дейді Дәурен.

Ол алғашқы өнімін осы айда жинамақ. Осы маусымда 1,5 тоннаға

дейін өнім жинауды жоспарлап отыр. Алдағы арманы – тағы бір жылыжай көтеріп, шаруашылықты кеңейту. Ауылда өз күнін ді өзін көріп, адал еңбекпен тіршілік ету – үлкен ерлік.

Шынтауайтында еңбектің алдында ешбір қиындық бөгет бола алмай-тынын уақыттың өзі дәлелдеп келеді. Адам өз ісін жүрек қалауымен, адал ниетпен атқарғанда ғана шынайы нәтиже туатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда, Әбдірәсіловтер отбасының бүгінгі жетістігі – олардың маңдайтерімен келген жеңістің, табандылық пен бірліктің жемісі.

Айта кету керек, еңбек адамы аталған кәсіпті қайтарымсыз грант арқылы ашқан. Биыл ауданда жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант 90 азаматқа, яғни, 141 млн 552 мың теңге берілді. Грант алғандардың қатарында мүгедектігі бар азамат, асыраушысынан айрылған, көпбалалы отбасы, мүгедек бала бағып отырған ата-аналар да бар. Аудандық Мансап орталығы мамандарының мәліметінше, берілген қаржы түрлі саладағы жобаларды қолдауға бағытталған. Ал биыл мемлекеттік грант алғандардың басым бөлігі мал шаруашылығы, ат әбзелдері, балық өсіру, дөңкерлеу және жиһаз цехтары, жылыжай шаруашылығы сынды сантүрлі кәсіптерін ашқан. Егер азаматтың жақсы идеясы бола тұра, саланың қыр-сырын жетік білмесе, мамандар арнайы қайта даярлау курсынан өткізу мүмкіндігі де бар екенін жеткізді.

АДАЛ ЕҢБЕК – АБЫРОЙ БИГІ

Жақында Төле би атындағы орта мектепте Жұмысшы мамандықтары жылы аясында қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Лаура Ибраевадың ұйымдастыруымен «Адал еңбек – абырой биігі» атты тағылымды іс-шара өтті. Шара жас ұрпақтың бойына еңбексүйгіштік қасиетті сіңіріп, қарапайым еңбек адамдарының қадірін түсіндіруді мақсат етті.

Максат ЖҰМАБАЕВ



Тағылым алар кешке мектеп директоры Жандос Әжібаев арнайы қатысып, адал еңбектің кез келген азаматты биікке жетелейтінін, қоғамға пайдасын тигізген адамның әрдайым құрметке бөленетінін тілге тиек етті.

«Еңбек – адамның адамдық келбетін айқындайтын басты

көрсеткіш. Қай салада қызмет етсең де, адал ниетпен, таза жүрекпен еңбек ету – үлкен абырой», – деді Жандос Болысбекұлы.

Шара барысында оқушылар қарапайым жұмысшылардың күнделікті еңбегін сахналық көріністер арқылы бейнелеп, әр мамандық иесінің қоғамға қажеттілігі мен жауапкершілігін айшықтай түсті. Олардың дайындаған қойылымдары көрермендерге еңбек адамдарының маңдай терімен келген

нәтижесінің қаншалықты қымбат екенін сезіндірді.

Өсіресе, балғын бүлдіршіндердің түрлі жұмысшы мамандықтары туралы дайындаған шағын драмалық көріністері кештің әсерін арттыра түсті. Олар құрылысшы, дөңкерлеуші, аспаз, малшы, жүргізуші секілді көптеген еңбек иелерінің өмір жолдары мен атқаратын қызметтің маңызылығын көркем түрде көрсетті. Әр қойылым адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік сынды қасиеттердің өмірдегі орны ерекше екенін бала санасына терең сіңіруге бағытталды.

Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар жас ұрпақтың болашаққа деген сенімін нығайтып қана қоймай, олардың кәсіби бағдар алуына да оң ықпал ететіні сөзсіз.

АЙБЫН



Ел қорғанысын күшейту – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Қарулы Күштердің қуатты болуы, ең алдымен, елін сүйетін, жауапкершілігі биік азаматтардың белсенділігіне байланысты. Қазіргі таңда мемлекетіміз әскери саладағы заманауи талаптарға сай дамып, қорғаныс жүйесін жетілдіруде. Осы мақсатта әскери қызметтің жаңа форматы – резервтегі әскери қызмет енгізіліп, оған қатысуға ниеттілерге азаматтық жұмыстан қол үзбей-ақ ел қауіпсіздігіне үлес қосуға мүмкіндік беріліп отыр.

ЕЛ ҚОРҒАНЫСЫН КҮШЕЙТЕТІН ЖАҢА ЖҮЙЕ ЕНГІЗІЛДІ

2025 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері заман талабына сай жаңғыртылып, «резервтегі әскери қызмет» деп аталатын жаңа әскери қызмет түрі заң жүзінде бекітілді (Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңы, 6-1-тарау). Бұл – азаматтардың тұрақты жұмысынан ажырамай, әскери дайындықтан өтіп, елдің қорғаныс қабілетіне қатысуына жол ашатын тиімді жүйе.

Резервтегі әскери қызметтің негізгі талаптары мен ерекшеліктері төмендегідей:

Үш жылдық ерікті шарт. Азаматтар әскери бөлім командирімен үш жыл мерзімге шарт жасайды. Запастағы офицерлер үшін жас шектеуі – 57 жасқа дейін. Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін оны қайта ұзарту мүмкіндігі бар.

Жыл бойы оқу-жаттығулар. 10 ай ішінде 30 сабаққа қатысады (айына 3 рет). Әр сабақ сағат 9.00-18.00 аралығында әскери бөлім аумағында өтеді, қатысушылар тегін түскі аспен қамтамасыз етіледі.

Міндетті бір айлық әскери жиын. 30 сабақ толық өткен соң бір айлық әскери жиын ұйымдастырылып, онда теориялық білім тәжірибе жүзінде бекітіледі. Үш мезгіл тамақ беріледі, жұмыс орны сақталады.

Әскери шеңдер беріледі. Қызмет мерзіміне байланысты кезекті әскери атақтар алу қарастырылған.

Ай сайынғы төлемақы. 30 күндік сабақтарға қатысқаны үшін ең төменгі жалақы мөлшерінде төлем жасалады

(2026 жылдың 1 қаңтарынан – 110000 теңге).

Әскери жиын кезіндегі төлем:

- уақытша жұмыс істемейтіндерге – ең төменгі жалақы;
- жұмыс істейтіндерге – ҚР Қорғаныс министрлігінің қаражатынан орташа айлық жалақысы көлемінде.

Әскери киім-кешекпен қамтамасыз ету. Жазғы және қысқы далалық киім беріледі.

Жылдың еңбек демалысы әскери жиынға қабаттаспайды.

Шетелге шығуға рұқсат. Алайда кетер алдында әскери бөлім командиріне алдын ала ескерту қажет. Зейнетақы өтіліне есептеледі. Резервтегі қызметтің 60 күні (30 сабақ + 30 жиын) жалпы еңбек өтіліне қосылады.

Кәсіпкерлікпен айналысуға рұқсат. Резервтегі әскери қызметшілер құрылтайшы, акционер, демеуші бола алады, коммерциялық қызметтің өзге түрлеріне тыйым салынбайды.

Вахталық және ауысымдық жұмыс кестесі қолайсыз. Мұндай қызметкерлерге резервтік әскери қызметке қатысу қиындық туғызуы мүмкін.

Резервтегі әскери қызметке қатысты барлық сұрақтар бойынша облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің 87780720313 және аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің 8 (72633) 2-15-40 нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы білуге болады.

Ғани АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ,
аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы,
подполковник.



МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ



КЕЛЕР ЖЫЛЫ АЛДЫН АЛА ДИАГНОСТИКА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛМАҚ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының хабарлауынша, 2026 жылдың қаңтарынан бастап кейбір медициналық қызметтер МӘМС пакетінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне ауысады. Осылайша, олар сақтандырылмаған азаматтар үшін қолжетімді болады.

Бұған дейін айтылғандай, 2025 жылғы 14 шілдедегі жаңа заңның қабылдануымен денсаулық сақтау жүйесін сақтандыру моделіне көшіру көзделіп отыр. Осы орайда, 2026 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакетінен медициналық көмектің көлемін МӘМС жүйесіне кезек-кеземен интеграциялау болып табылады.

Бұдан бөлек, ауыр ауруларды уақтылы анықтау мақсатында медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды өзгерістер де қарастырылған.

– Скринингтік зерттеулер МӘМС пакетінен ТМККК пакетіне, оның ішінде онкологиялық скринингтерге ауыстырғаны біз үшін маңызды. Бұл өзгеріс бүкіл халыққа жатыр мойны обыры, сүт безі обыры, колоректальды катерлі ісік, артериялық гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, глаукома, вирустық гепатит сияқты ауруларды алдын ала диагностикалау қызметтеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, скринингтер барысында медицина қызметкерлері алдын ала ағзадағы ауруларды анықтап, олардың одан таралуына жол бермеуі мүмкін, – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.



Сондай-ақ, ол заң шеңберінде әлеуметтік маңызы бар ауруларға күдік туындаған кезде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін пакетке ерте диагностикалауды енгізу көзделгенін атап өтті. Қазір ТМККК-да диагноз қою үшін медициналық қызметтер АИТВ және туберкулезге күдік болған жағдайда ғана жүргізіледі. Басқа жағдайларда пациенттер диагноз қою және әлеуметтік маңызды аурудың болуын растау үшін сақтандырылуы керек. Содан соң ғана пациенттер ТМККК шеңберінде ем ала алады. Осылайша, сақтандыру мәртебесіне қарамастан ерте диагностика қолжетімді болады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі.

АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БІРЛІГІ МЕН ЕРКІНДІГІН АЙҚЫНДАЙТЫН ҚҰЖАТ



Тәуелсіздік алған әрбір елдің ең басты құндылығы – оның Конституциясы, яғни Ата Заңы. Қазақстан үшін де Конституция мемлекеттіліктің негізін қалаған, ел дамуының басты бағыттарын айқындаған стратегиялық құжат болып табылады.

1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция – жаңа тарихи кезеңнің, жаңа мемлекеттіліктің бастауы, халқымыздың бірлігі мен еркіндігінің айқын көрінісі.

Конституция – мемлекеттің қалай құрылатынын, билік тармақтарының өзара теңгерімін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын белгілейтін ең жоғарғы заң. Ата Заң қабылданғаннан бері елімізде

саяси жүйе жетілдіріліп, мемлекеттік институттар қалыптасты, құқықтық нормалардың тұтас жүйесі орнықты. Бұл—Конституцияныңел тұрақтылығы мен дамуына қосқан орасан үлесінің айғағы. Әрбір азаматтың өмір сүру құқығы, ар-намысы, сөз бостандығы, еңбек ету, білім алу, денсаулық сақтау құқықтары – бәрі де Конституцияда бекітілген. Елдегі заңдар мен мемлекеттік шешімдердің барлығы осы қағидалардың негізінде

жүзеге асады. Ата Заң азамат пен мемлекет арасындағы байланысты нығайтып, қоғамда әділеттілік, теңдік, заң үстемдігі ұстанымдарын орнықтырады. Тәуелсіздік – тек шекара мен рәміздер ғана емес, ең әуелі халықтың еркін таңдауы мен өзін-өзі басқару құқығы. Конституция осы еркіндіктің құқықтық тірегіне айналды. Ата Заңның қабылдануы еліміздің өз болашағын өзі айқындайтын, әлем алдындағы орнын белгілейтін қуатты қадам болды. Сондықтан Конституция – тәуелсіздігіміздің реңі, мемлекетіміздің жаңа бет-бейнесін қалыптастырған құжат.

Бүгінгі реформалар, мемлекеттік басқаруды жетілдіру, адам құқықтарын қорғауды күшейту, сот жүйесін жаңғырту – бәрі де Конституция қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асырылады. Конституция – тек өткеннің емес, болашақтың да жол картасы. Ол қоғамды демократиялық құндылықтарға, тұрақтылық пен өркениетті даму жолына бағыттайды.

Ата Заң – Қазақстанның ең қастерлі құжаты. Ол мемлекеттің тірегі, ұлттық бірлік пен тәуелсіздіктің басты белгісі. Конституцияны құрметтеу – елдің дамуына, әділетті қоғам құруға қосылған үлес. Тәуелсіздік жылдары дәлелдегендей, мықты Конституция – мықты мемлекеттің кепілі.

Айгүл ШЫМЫРОВА,
аудандық соттың төрағасы.

АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар

Тәуелсіздік жылдарының еліміздің дін саласына да едәуір әсер еткенін білеміз. Азаттық жылдарында ел алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі – қоғамда мемлекеттік тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету міндеті тұрды. Осы мақсатта мемлекеттің саяси-идеологиялық негізі ретінде зайырлылық қағидаты таңдалып, әрбір азаматқа ар-ождан және діни сенім бостандығы кепілдендірілді. Бұл таңдаудың дұрыстығын бүгінгі әлеуметтік тұрақтылық, дін саласындағы үйлесімділік және халықаралық аренадағы Қазақстан бейнесі дәлелдеп отыр.

Зайырлылық – дін мен мемлекеттің бөлінуін білдіретін, мемлекеттің діни ұйымдардан тәуелсіздігін қамтамасыз ететін демократиялық принцип. Қазақстандағы зайырлылықтың ерекшелігі – оның толерантты, қоғамдық келісімге бағытталған, конфессиялар теңдігін қамтамасыз ететін сипатында. Еліміздің тәжірибесінде зайырлылық келесі бірнеше қағидаттарды қамтиды. Біріншісі, мемлекеттің діннен бөлінуі. Мемлекеттік билік діни институттарға тәуелді емес және діни негіздегі шешім қабылдамайды. Сөйкесінше, дін мен діни бірлестіктердің қызметіне мемлекет араласпайды. Екіншісі, конфессиялардың теңдігі. Ешбір дінге артықшылық берілмейді, мемлекет барлық діни ұйымдарға бірдей құқықтық жағдай жасайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады. Үшіншісі, азаматтардың діни еркіндігі. Әр адам өз сенімін таңдауға, ауыстыруға немесе ешбір дінді ұстанбауға құқылы. Діни сенім бостандығы Қазақстан Конституциясымен және салалық заңдармен кепілдендірілген. Қазақстан Конституциясының 22-бабында: «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», – деп нақты көрсетілген.

Бұл норма азаматтарға кез келген дінді ұстануға, діни көзқарасын жариялауға немесе жарияламауға,



діни пікірін өзгертуге, діни сенімі үшін қысым көрмеуге толық құқық береді. Төртіншісі, діннің қоғамдық қатынастарды анықтайтын құралға айналуына жол бермеу. Бұл қоғамды радикализациядан, алауыздықтан және діни ықпалға негізделген саяси бөліністерден қорғайды. Заң бойынша діни бірлестіктер саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда діни ұйымдарды тіркеу, қызмет жүргізу тәртібі, діни білім беру, миссионерлік қызмет, діни әдебиетті тарату қағидалары нақты белгіленген. Бұл реттеу қоғамды деструктивті ағымдардан қорғау, заңсыз миссионерліктің алдын алу, діни қатынастарды жүйелі жолға қою мақсатында енгізілген.

Қазақстан БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, Азаматтық және саяси құқықтар туралы актіге, ЕҚЫҰ құжаттарына сәйкес келетін нормаларды қабылдаған. Қазақстанда ондаған этнос, 18-ден астам конфессия өкілдері тұрады. Бұл алуантүрлілік діни келісімге деген жауапкершілікті арттырады. Елімізде түрлі конфессиялардың өзара сыйластықта өмір сүруіне мүмкіндік беретін бірегей модель қалыптасқан. Діни бірлестіктермен тұрақты диалог орнатылып, дін саласындағы сарапшылар мен мемлекеттік органдар бірлесе жұмыс істейді. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі 2003 жылдан бері әр үш жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл съезд Қазақстанның халықаралық деңгейде дінаралық бейбітшілік бастамашысы екенін көрсетеді.

Зайырлылық пен діни сенім бостандығын нығайту бойынша мемлекеттік құрылымдар, соның ішінде Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері

комитеті мен жергілікті дін істері басқармалары кешенді жұмыстар атқарады. Дегенмен, діни мәселеде қоғамды мазалайтын заманауи сын-кәтерлер де жоқ емес. Соның ішінде радикализациядан, алауыздықтан таралуы, әсіресе интернет желілер арқылы, діни сауаттылықтың төмендігі, жастар ортасындағы әлеуметтік жағдайға негізделген тәуекелдер. Осыған орай алдағы уақытта зайырлылық пен діни келісімді сақтауда тиісті бағыттар бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу маңызды болып қала береді. Қазақстандағы зайырлылық пен діни сенім бостандығы – елдің тұрақтылығы мен қоғамдық келісімінің іргетасы деуге толық негіз бар.

Зайырлы мемлекет азаматтардың дін таңдау құқығын қорғайды, ешбір дінді мемлекеттік деңгейде артықшылыққа бөлмейді, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, өркениетті диалогқа жағдай жасайды. Қазақстанның зайырлылық моделінің тиімділігі – елдегі конфессияаралық келісім, дінаралық бейбітшілік және халықаралық аренадағы беделі арқылы дәлелденіп келеді. Сондықтан зайырлы қағидаттарды сақтау мен діни сенім бостандығын қамтамасыз ету – ұлттық қауіпсіздікті, елдің тұрақты дамуын және азаматтық бірлікті нығайтудың басты факторы болып қала береді. Біздің облыста діни ахуал тұрақты.

Азаматтар мен азаматшалар діннің мемлекеттен бөлек екенін ұғынып, түсінеді. Діни бірлестіктердің баршасына бірдей мүмкіндік берілген. Дін істері комитетімен жүйелі түрде орнатылған берік байланыс өз жемісін беріп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстардың барлығы назардан тыс қалмайды.

Еркебұлан АҚБАЙ,
облыс әкімдігі дін істері басқармасының бөлім басшысы.

БӘРЕКЕЛДІ!

Қыркүйек айында ашылған №6 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушылары бүгінде түрлі байқауларға, ғылыми жобаларға, олимпиадаларға қатысып, жоғары жетістікке қол жеткізуде.

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖЕҢІСІ: ЖАҒАДАН АШЫЛҒАН МЕКТЕПТІҢ ЗОР ЖЕТІСТІГІ



Жуырда 9-сынып оқушылары Ардақ Мырзабай (жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөлдір Қырықбаева) мен Санжар Тұрарбек (жетекшісі – математика пәнінің мұғалімі Маржан Исмаилова), 10-сынып оқушылары Нұрасыл Қалдыбекұлы (жетекшісі – математика пәнінің мұғалімі Маржан Исмаилова) мен Арайлым Жолшыбек (жетекшісі – химия пәнінің мұғалімі Анар Айтекова) облыстық ғылыми жобалар байқауына қатысып, түрлі бағыттар бойынша өз ғылыми еңбектерін қорғап, жүлделі

орындарға ие болды. Бұл – жас білім ордасы үшін үлкен мәртебе, ал оқушылар мен жетекші ұстаздар үшін мақтаныш.

Жаңа мектептің алғашқы үлкен жетістігі – шәкірттердің ғылымға қызығушылығының, ұстаздардың қажырлы еңбегінің және мектеп ұжымының бірлігінің нәтижесі. Бұл жетістік жас зерттеушілердің алдағы уақытта да ғылым мен білім жолында биік белестерді бағындыратынына сенімді арттырады.

«Шұғыла»-ақпарат.

СПОРТ ДЕГЕН БІР ӘЛЕМ

Содан бері бірнеше күн өткенімен, Қазақстан – Бельгия арасындағы ойынның әрбір сәті көз алдымынан кетер емес. Баршаға белгілі, 2026 жылы Солтүстік Америкада футболдан әлем чемпионаты өтеді. Сол дүбірлі додаға жолдама беретін іріктеу кезеңінде J тобының 7-турында 15 қарашада Қазақстан құрамасы Астана-Аренада Бельгия командасын қабылдады.

ЖЕҢІСКЕ БЕРГІСІЗ ТЕҢ ОЙЫН

Тур алдындағы позицияларға келетін болсақ, егер Бельгия осы ойында жеңген жағдайда бірден әлем чемпионатына өтеді, ал Қазақстан болса бұл турға дейін әлем чемпионатына өтуге мүмкіндігін жоғалтып алған. Ұлттық құрама бұл матчта тек жақсы және тартысты ойын көрсетуі керек болатын.

Кездесу, әрине, Еуропаның үздік командаларының бірі Бельгияның басымдығымен өтті. Қазақстан да тегеурінді қарсыласты. Яғни, жерлестеріміз қарсыластар қақпасына 9 соққы жасап, соның ішінде 3 соққысы дәл ұшып, 1 гол соға алды.

Допқа нелік ету болса 23-ге 77 пайызбен қарсылас пайдасында қалды. Командамыздың бұл ойынға жоспары тез гол соғып, қорғаныста отыру болатын, сол жоспар жүзеге асты десек болады.

Ойынның 8-ші минутында Бельгия ойыншысы Кастаньның қате пас бергенін пайдаланған Дастан Сәтпаев қақпаның жақын төменгі бұрышын дәл көздеді. Есеп – 1:0.

Осы голдан кейін Қазақстан құрамасы негізінен қорғанысқа көшіп, мүмкіндіктер болған кезде қарсы шабуылдар ұйымдастырып тұрды. Жігіт-

теріміз жақсы қорғанғанның өзінде 2-ші таймның басында еуропалық Ванакен Кастань пасы арқылы гол соғылды.

Кастань өз қателігін түзеіп, ерлік жасағандай еді, бірақ ойынның үздік ойыншысы болып Темірлан Анарбеков атанды. Ол өз қақпасын бірнеше голдан сақтап қалды. Басқа ойыншылар туралы айтар болсақ, Ғалымжан Кенжебек, Рамазан Оразов және Еркін Тапалов керемет ойын өрнегін құра білді.

Бельгия ойыншылары арасында Джереми Дokuдың шеберлігіне көрермен қауым тәнті болды.

Ойын 1:1 есебімен аяқталды, бұл – біздің құрама үшін өте жақсы нәтиже.

Осылайша, Қазақстан Бельгияның әлем чемпионатына өтуін 1 турға кешіктірді және де осы ойыннан кейін қақпашы Темірлан Анарбековке еуропалықтар назар аударды. Бұл ойын Қазақстан құрамасында жақсы ойыншылар бар екенін көрсетті.

Құдірет ЖАҚСЫЛЫҚ,
Қазақ Ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті
«Жерге орналастыру» бөлімінің 4-курс студенті.

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕНИНГИТТЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Менингит – ми мен жұлын қабықшаларының қабынуы нәтижесінде пайда болатын аса қауіпті жұқпалы ауру. Инфекцияның негізгі көзі – науқас адамдар немесе вирусты тасымалдаушылар. Дәрігерлердің айтуынша, менингиттің бірнеше түрі бар. Соның ішінде ідеттің вирустық түрі менингококк микробының әсерінен туындаса, іріңді және ұлы түрлері ағзадағы инфекция ошағынан немесе бас сүйегінің жарاقات салдарынан ми қабығына инфекция түсуінен дамиды. Ауру жедел және созылмалы өткенмен, ең ауыр түрі – мида ірің түзілуімен көрінетін менингиталдық синдром.

Дәрігерлер менингиттің жиі суық тиюден, бактериялық аурулардан, құлақ және мұрын-жұтқыншақ қуысындағы қабынулардан, тіс түбінің іріңдеуінен, көкжөтел, тұмау, іш сүзегі сияқты инфекциялардың асқынуынан пайда болатынын атап өтуде. Тұрмыстық тазалықтың сақталмауы немесе жаракат алу да аурудың козуына себеп болуы мүмкін. Ал аурудың жұқпалы түріне шалдыққан адам өзгелерге қауіп төндіретін таратушы ретінде есептеледі.

Менингит белгілері көбіне кенеттен байқалады. Науқастың басы қатты ауырып, жүрегі лоқсиды, құсады, дене қызуы көтеріледі, даусы қарлығады, аузы құрғайды, әлсіреп, тершендік пайда болады. Өңі бозарып, тез шаршағыштық байқалады. Инкубациялық кезеңі – 2–10 күн аралығында.

Инфекция бірнеше жолмен таралады: сырқатпен немесе вирус тасы-малдаушымен қарым-қатынаста бол-ғанда; ашық су қоймаларында, бассейн-дерде шомылғанда; жуылмаған көкөніс, жеміс-жидектерді пайдаланғанда;

тұрмыстық заттар арқылы.

Аурудың алдын алу үшін ең алдымен науқасты дер кезінде оқшаулап, айналасындағы адамдарды қорғау маңызды. Мұрын-жұтқыншақтағы жіті және созылмалы аурулар – фарингит, тонзиллит, ларингит сияқты дерттерді уақтылы емдеу қажет.

Дәрігерлер жеке бас гигиенасын сақтау, дұрыс тамақтану, жеткілікті демалу, спортпен шұғылдану имундық жүйені нығайтып, аурудың алдын алуға көмектесетінін ескертеді. Сондай-ақ науқаспен байланыста болған адам-дар медициналық бақылауда болып, профилактикалық мақсатта дәрігер тағайындаған антибиотиктерді уақытында қабылдауы тиіс.

Өз денсаулығыңыз – өз қолыңызда. Менингиттің алдын алу – әр азаматтың жауапкершілігі.

Мұрат МҰХАМЕТРАХИМОВ,
Облыстық санитариялық-эпидемио-логиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары.

